

Қоштасу 2025

Құрметті жолаушылар, туристер! Біз ұшаққа отырдық, белдіктеріңізді тағып, ыңғайланып отырыңыздар. Бағытымыз «Балжан» балабақшасы. Салон ішінде тұрып жүруге болмайды. Салон ішінің температурасы 52 градус. Біздің әуе лайнері «қош бол балабақша» атты ертеңгілікке бағыт алдық.

Құрметті қонақтар, ата – аналар! Балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтамасыз ету жөніндегі 2024 – 2025 жылдарға арналған «Балапан» бағдарламасын жүзеге асыру аясында балабақшамен қоштасу ертеңгілігіне «Балжан» балабақшасының «Балапан» тобының түлектері «Сәт сапар» ұшағымен келіп қонды. Ертеңгілік барысында қол телефондарыңызды өшіріп, дабыр сөзді қойдырып, қолдарыңыздан келгенше әр баламызды қошеметтеп, әр сөздерін мұқият тыңдап, өнерлеріне тамсанып, қуаныштарын бөлісулеріңізді сұраймыз.

Қайырлы күн қонақтар тойға келген
Айтылсын өлең жолдар ойдан келген
Бүгінгі қоштасу кешімізде
Шырқалсын ән-жырымыз бойдан өрген

Бізге сыйлап сыңғырлаған күлкіңді
Сәбилерім жүздеріңде нұр тұнды
Бізден ұшып, қанат қағып есейдіңдер
Өздеріңмен қоштасатын күн туды.

Бізден ұшып талмай қанат қағыңдар
Жүректерден арман отын жағыңдар
Жақсы оқып алтын ұя мектепте
Бұл өмірден бақыт жолын табыңдар.

Олай болса бүгінгі «Балжан» бөбекжай-бақшасының «Балапан» тобының түлектерін қошеметпен қарсы алайық!

Балалар шығады музыка әуенімен:

Білімді, сұлу, жүлдегер болған сайыста **Балнұр** біздің жаралған ғой тек жарысқа
Мінезі бар қыңырлау, бірақ алдасаң көнеді. Тиеді ылғи **С. Расулдың** бізге көмегі.
Шырқап айтар әсем әнмен жырыңды, **Айзере** бар талантты әрі білімді
Тау қозғалса қозғалмайтын байсалды, көрдіңізбе **Қасымхандай** біздің жайсаңды
Инабатты бишіміз бар майысқан, **Ақниетті** танимыз біз алыстан

Қой аузынан шөп алмайтын момақан, тап-таза болып жүреді біздің **Абылайхан** деген балақан

Бір беткейлеу, бірақ сұлулықты сүйеді, әдемі қыз **Айымды** бәрі жақсы көреді

Сүп-сүйкімді боп костюм-шалбар киеді, **Ерназар** біздің өзімен-өзі жүреді

Сап-салмақты тап-таза боп жүреді, қуанғанда **Ануар** жымыып қана күледі

Әдептілікті тал бойына жинады, сұлу қызым **Айкөркем** бар ибалы

Жұмсай қалсаң жүгіретін қуанып, **Алдияр** деген тау көтерер бір алып

Биязы мінезімен, түрлі рольді сомдайды, күлімдеген **Аяулымды** барлық досы қолдайды

Бір бойынан бар қасиет табылған, біздің **Ж.Расул** озып шығар бар ұлдан

Тақылдап тұрып, тақпақ айтатын жаңылмай, сұлу да сарбаз **Жансезім** деген ару бар

Кішкентай болсада келмейді біздің шамамыз, сүйкімді пысық **Даянаға** қараңыз

Алдап-сулап әрқашан апайдың тілін табады, тез жаттаймын деп **Нұрзат** тақпақты өзі сұрап алады

Зерек, бірақ ашуланса қайтпайды, **Абылайды** біздің жаман деп ешкім айтпайды

Майысып, жымыып отырған, **Ляйсан** біздің жұмбақ жан

Жыбырлақтық тентектігі бар бойында, сүйкімді **Алихан** тоймайды еш ойынға

Мінезі жібектей жайдарлы, **Айзере М.** топтың айнасы

Әнші әрі бишіміз, қол соғайық бәріміз **Сейтхан** деген сері жігітті таныңыз

Сабырлы, жайсаң мінезі, бәрі де бәрі сыйлайды, топтас құрбы **Хадишаны**

Қане, **Аяна**, **Раяна** тобымның, гүлі болып шыға ғой

Сендерді көрген адамның, қуанбауы зая ғой.

Сәбидей ақжарқын мінезі, **Мединаны** бәрі де сүйеді

Жауқазын гүлдей жайнаған **Жасмина** біздің жайсаң жан

Ата-ана ақылын ақтайтын, **Айым Н.** біздің ақылды, ардақты

Тәрбиелеп өсірген жемістерім, ризамын **Балғынбектей** ұлдарыма!

Сегіз қырлы, бір сырлы **Нұржамал** деген қызымыз.

Томпаңдап апайынан қалмайды, **Сана** әділдікті қолдайды

Кіп-кішкентай нәзік қызымыз, **Кәусар** біздің ерке қыз.

Би: «Стюардесса»

1-жүргізуші Балнұр: Құрметті ата-аналар, ұстаздар, мектепалды даярлық тобының «Балабақшам, қош енді» атты ертеңгілігіне қош келдіңіздер!

2-жүргізуші С.Айзере: Құрметті қонақтар, армысыздар!

Бәріңіз де аман-есен бармысыздар?

Қоштасатын күн келді бақшаменен,

Апайларға айтатын алғысымыз бар.

3-жүргізуші Расул Ж: Ақ тілекті ағытып бір тастайық

Қоштасатын кешімізді бастайық

Өдеп пенен өнегені үйреткен,

Бақшамызды есімізде сақтайық.

1-жүргізуші Балнұр: Өтті қызық көп күндер,

Алты жасқа жеттік біз.

Барамыз біз мектепке,

Бір белестен өттік деп

2-жүргізуші С.Айзере: Өсті, міне, бойымыз,

Өсті ақыл-ойымыз.

Қуанышқа ортақпыз,

Құтты болсын тойымыз.

3-жүргізуші Расул Ж. Баулып, баптап өсірдіңіз,

Балалық етсек кешірдіңіз.

Ұмытпаймыз сөзіңізді,

Ұмытпаймыз өзіңізді.

Үшеуі бірге: Адам етіп баптаған,

Ардақтап бізді мақтаған.

Тәрбиешіміз Гүльвира Ғазизқызын,

Ортаға шақырамыз.

/Тәрбиеші ортаға келіп, балаларды шақырады./

Тәрбиеші: Бөбек еді ол рас,

Кіп-кішкентай кешегі.

Бүгін міне, азамат,

Болды рас деседі.

Өріп танып, сурет салып,

Жаттықтырды қолдарын.

Мектебіне шығарып сап,

Тілейік ақ жолдарын.

Ән: «Тәрбиеші»

/Залдың сыртынан дауыс шығады/

• Қызым, мен саған 10 токаш түсетін акша бердім. Жан-жағыңа алаңдамай, уйге тез кел.
Қызы: Жарайды мама, 10 токаш ұмытпаймын. Тоқашты сатып алып
Жан-жағына алақтап, келе жатады. Бір жерге келіп, аспанға қарап, құстарды санайды. 1-3 деп
дұрыс санай алмайды.
Сойтіп келе жатқанда, артынан ит еріп келіп, токаштарын жеп қояды. 3 токашын жейді.
Машинаның тустерін карайды, дукеннің атын оки алмай турады. Бір кезде итті коріп коркып
кетеді. А- а-а токашым кайда, нешеуі қалған. Менде коп токаш болған еді, азайып калыпты гой.
Ит кашып кетеді. Қыз жылап отырғанда касына кемпір келеді.

- Жылама қызым, мен білемін неге жылап турғаныңды. Сенің токашыңды ит не үшін жеп койғанын да білемін.
- Не үшін?
- Ойткені сен жан-жағына карап, құстарды санадың, одан кейін машиналарды карадың, содан кейін дукендердің атауын оқымакшы болдың.

- Сіз оның барлығын қайдан білесіз, сіз ақылдысыз ба, ал мен ақылды емеспін. Ойткені мен оқи да, санай да білмеймін. Колымда қанша тоқаш қалғанын да санай алмай отырмын.
- Ештеңе етпейді. Мен саған көмектесе аламын. Мына гүл сикырлы, оның 7 күлтешесі бар. Ол сенің барлық арманыңды орындайды. Бірақ сен оларды текке жумсама.
- Жарайды әке рахмет сізге.

/Әке шығып кетеді/

- Ой қандай жақсы болды. Менің бірінші тілегім 10-ға дейін санауды үйренсем.

/осы кезде ішке 3 балапан кіреді./

- Біз сенің тілегіңді орындауға келдік. Біздің қолымызда мынадай ойын бар.

Ойын: «Орныңды тап»

Шарты: Балаларға 1-10 дейінгі сандарды таратады. Әуенге балапандар би билетеді. Әуен тоқтаған кезде балалар сандық рет бойынша тура қалады.

- Рахмет мен санауды үйрендім.
- Балапан: жарайсын, қане балалар кім 10-ға дейін тура санап бергісі келіп отыр?
/санайды/
- Жарайсын, енді кім кері санап береді? /балалар санайды/

/балаландар шығып кетеді/

Қыз: мен санауды үйрендім, енді әріп танып, оқуды үйренгім келеді.

/бір күлтешесін жуады/

Осы кезде ішке аю кіреді. Ол өзімен бірге «Сөз ойла, тез ойла» деген ойынды алып келіп, ойнатады.

Ойын шарты: ортаға әріптер тасталады. Әуенмен балалар билеп жүреді, әуен тоқтағанда әріптің үстін басып тура қалады. Сол әріпті атап, сөз айтады. Сөзді буынға бөледі.

/аю шығып кетеді/

Қыз тағы да тілек тілейді. Мен енді балалардың өнерлерін тамашалағым келеді.

Ортаға Мики маус келеді. Балалармен билейді. **Би: «Ламбада»**

1-бала: Балабақша - базарлы үй.

Көшедегі ажарлы үй.

Шаттығы бар шуақты,

Өз үйіміз сияқты. (Аяна)

2-бала: Бұл- екінші үйіміз,

Бір туғанбыз бәріміз.

Біз осы үйдің гүліміз,

Біз осы үйдің сәніміз. (Раяна)

3-бала: Қызық күндер өткіздік.

Балабақша бағында.

Көп оқыдық, көп білдік,

Ел мен Отан жайында (Даяна)

4-бала Мектепке енді барамыз,
 Үлгілі оқушы боламыз.
 Жақсы оқып сабақты,
 Кілең бестік аламыз.(Нұржамал)
 5-бала Бақша біздің панамыз,
 Мектеп біздің анамыз.
 Ұлағатты ұстаздан,
 Оқып білім аламыз.(М.Айзере)
 6-бала Біз сабақты бастаймыз
 Қайталаудан аспаймыз, есептен де қашпаймыз
 Жазуды енді бастаймыз
 Мектепке енді барамыз
 Оқимыз, сауық құрамыз (Айым)
 7-бала Оқимыз білім аламыз
 Болашақ жолын саламыз
 Бақшаменен қоштасып
 Біріншіге барамыз(Абылайхан)

1. Гүлдендірген бақшаны
 Меңгеруші жақсы адам
 Сондықтан да біз үшін
 Артық өзі басқадан **Айгүл Қонысбекқызына** мың алғыс(Ақниет)
2. Жайдары жүз, ай қабақ
 Жүреді бізді аймалап
 Тобымызға жиі кеп
 Білгеніңді сұрайтын
 Әдіскері бақшаның **Қарлығаш** апайға мың алғыс(Медина)
3. Қайнаған су әкеліп
 Іш деп дәрі береді
 Жылтыңдатып инесін
 Түршіктірер денеңді
Таңсұлу апайға мың алғыс(Нұрзат)
4. Сахнада сенім бердің мен секілді
 Әр әніме қол соққаның есімде әлі
 Қош болыңыз, **Руслан** ағай, енді мектеп жаққа
 Әнмен бірге алып барам естелікті(С. Айзере)
5. Балалармен шаттанған
 Бармағынан бал тамған
 Ересекке, сәбиге кейіпкерлер киімін
 Қуанышпен сыйлаған
 Бізбен бірге әрқашан
 Жүре берсін жақсы адам(
Назиля, Хадиша апайларға мың алғыс(Алдияр)
6. Біздің гүл бақшада
 Бар әсем асхана
 Бар онда аспазшы
 Ақкөңіл жақсы апа
 Әлде май, қаймақ па
 Борщ па сорпа ма?
 Тұрады ортада

Барлық аспазшыларға Ұлбосын, Ляззат, Күмісай апайларға мың алғыс(Хадиша)

7. Төсек орны тап-таза
Аппақ жуған сүлгісі
Назым, Индира, Эльмира апайларға
Балалардан мың алғыс(Ерназар)
8. Жүгіртіп бізді алатын
Доптай шапшаң секіртіп
Шынықтырып денеңді, шымыр болуға үйреткен
Дәулет ағайға бәрімізден мың алғыс(Жансезім)
9. Бізді бапптап қараған
Күлімдеген жақсы адам
Басымыздан сипаған
Шолпан, Ұлбике апайларға мың алғыс(Аяұлым)
10. Жазу жазып үйреткен
Әріптерді оқытқан
Санамақты жаттатып
Санауды бізге үйреткен
Жақсы болсақ қуанған
Тентек болсаң кешірген
Тәрбиешіміз Гүльвира апайға
Айтамыз біз мың алғыс(Расул С)

Ән: С.Айзере

Тәрбиеші: Бізге сыйлап сыңғырлаған күлкіңді,

Сәбилерім жүздеріңде нұр тұнды.

Бізден ұшып, қанат қағып есейдіңдер,

Өздеріңмен қоштасатын күн туды.

Бізден ұшып талмай қанат қағыңдар,

Жүректерден арман отын жағыңдар.

Жақсы оқып алтын ұя мектепте,

Бұл өмірден бақыт жолын табыңдар.

Бәріңді де сәбиім деп сүйетін,

Өздеріңді сағынып біз жүрейік.

Құтты болсын қадамдарың аттаған,

Біз сендерге сәтті сапар тілейік.

Тәрбиеші: Сүйкімді менің балаларым, жарқын жүзді ата-аналарым! Сіздермен қоштасатын сәт келді. Сіздерге ақ жол, сәт сапар тілеймін. **«Балабақшам, қош енді»** атты кешімізді **«Қоштасу вальсі»** биімен аяқтаймыз.

Би: **«Қоштасу вальсі»**

Ән: Қимай тұрмын

Тәрбиеші: Бүгінгі той бәрімізге құтты болсын,

Мектеп есігі әрқашан ашық болсын.

Біріншіге баратын бүлдіршіндерді,

Балабақша директоры құттықтасын.-деп, құттықтау сөзі Айгүл Қонысбекқызына беріледі.

(баларға диплом, алғыс хаттар, сыйлықтар) тапсырады.

«Стюардесса» биі:

1. С.Айзере
2. Балнұр
3. Кәусар
4. Аяна
5. Раяна
6. Айым
7. Аяулым
8. Жасмина
9. Айкөркем

Кыз- Медина

Кемпір- Айым

Ит- Сикош

«Ламбада» биі:

1. Расул С. - Жансезім

Вальс

1. Расул Ж.- Айым А.
2. Алдияр-Айкөркем
3. Ерназар- Жансезім
4. Сейтхан-Агуша
5. Нұрзат- Хадиша
6. Балғынбек- Нұржамал
7. Абылай- Балнұр
8. Қасымхан- Айкөркем
9. С.Расул- Медина
10. Абылайхан- Ляйсан
11. Алихан-Айзере С.
12. Ануар- Жасмина
13. Сана- Даяна
14. Раяна- Аяна
15. Кәусар-М.Айзере-Айым



